

Жайымов Айтқали Тілепқалиұлы Қазақ елінің кәсіби музыка саласының деңгейін жоғарылатып, құнды шығармалармен әлем жұртшылығына танымал бола, еңбегімен көріне білген композитор. Қазақ күйлері мен әндерін оркестрге лайықтап, өңдеу мен оны орындата білу де үлкен шеберлікті қажет етеді. Талай ғасыр тылсым дүниеде өмір сүрген ата-баба музыкаларын, қазіргі заман талабына сай, көркемдеп, орындау шеберлігі, жауапкершілік пен майталмандықтың иесін көрсете алады. Сонымен, композитор Айтқали атамыздың шығармалары қазіргі жоғары оқу орындарында жалғасын тауып, талай шәкірттердің жетілуіне үлес қосуда. Қазақ музыкасының кәсіби дамуына ат салысқан, жаңашыл қайраткер ұстаздың еңбегі ерен, мәңгілік мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Казин А.Л. Искусство и духовная культура //Искусство в системе Культуры. - Л.: Наука, 1987 ж.58 – 59б.
2. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. -Алматы, 2011 жыл.
3. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы, 1984 ж. I-II том. – 16-17б.
4. Қазақ өнері. Энциклопедия. – Алматы: Бірлік, 2002 ж. – 603б

САРАЙШЫҚ - ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

Жумажанова А.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті.
Қарағанды қ.

Сарайшық – ұлы дала тұсындағы ежелгі қала, сонымен қатар Жошы ұлысының саяси, сауда және мәдени орталығы ретінде танылған. XII-XVI ғасырларда бұл қала гүлденіп, Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды сауда-дипломатиялық торапқа айналады. Бұл қала тағдыры аяқталмай тұрып, тарихта жарқын із қалдырған үш ғасыр өмір сүрді. 1580 жылы Сарайшық қаласын казактар толығымен қиратып, өртеп жіберген болатын. Дегенмен, осы бүгінге дейін жеткен қирандылар арқасында бұл жай ғана сауда орталығы және Алтын Орда мен Қазақ хандығының астанасы ғана емес, сонымен қатар дамыған инфрақұрылымы бар көрнекті қала екендігін байқай аламыз. Қала жөнінде әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута 1334 жылы Сарайшыққа саяхат жасағаннан кейін өзінің «Дешті Қыпшаққа саяхат» атты еңбегінде: «Мен бүкіл әлемді араладым, бірақ Сарайшықтың Бағдаттан кейінгі ең үлкен қала екенін білгенде қатты таң қалдым. Міне, ханның ордасы, төрт мешіт және көптеген керуен сарайлар сән-салтанатпен жарқырайды. Бірақ мені ең қатты таң қалдырғаны су құбыры болды. Сарайшықта су әр үйге құбырлар арқылы берілген. Осыған таң қалдым» деп жазған. Қала жөніндегі деректерді көптеген ортағасырлық авторлар қалдырған болатын. Солардың ішінде Ибн Баттута, Ал Омари, Франческо Пеголотти, Хамдаллах Казвини, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жалайри және Әбілғазы және т.б. Сарайшық тарихы әртүрлі деректер бойынша XII-XIII ғасырларда бастау алған. Әбілғазы хан дерегі бойынша қаланың негізі Шыңғыс ханның немересі, Русь пен Шығыс Еуропа жерлерін жаулап алушы Батый бұйрығымен салынған. Бұл тұста Әбілғазы ханның Берке жөнінде «бір күні ол ағасы салдыртқан Сарайшық қаласына жол тартты» деген баяндамасын негіз қылып алуымызға болады [1].

Сарайшық қаласы жөнінде кездесетін көптеген жазба деректерде оның Батый хан негізін қалаған транзиттік сауда жолы бойында орналасқан қала ретінде есептеулері орынды деп айта аламыз. Алайда осы уақытқа дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қалашықтың моңғолдар дәуіріне дейін қалыптасқанын байқауға болатындығы жөнінде пікірді алғашқылардың бірі болып осы қалашықта археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген Ә.Х. Марғұлан білдірді. Әлкей Марғұлан білдірген тұжырымдаманы сонымен қатар 1980 жылы жүргізілген Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының жетекшісі С.П. Толстовта қолдаған болатын. Яғни бұл тұста Толстов пікірі бойынша Сарайшықтың төменгі қабаты XI ғасырлардағы Хорезмдік ескерткіштерге өте ұқсас болып келген және осыған орай оны X-XI ғасырларда хорезмдік колониялар тұрғызға болуы керек деп есептейді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес Сарайшық қаланың алғашқы кезеңдегі атауы емес және қаланың алғашқы атауы ерте ортағасырлық Саксин қаласы болуы мүмкін деп есептеледі [2]. Бұл тұста біз егерде Саксин қаласының Хазария қаласы екендігін ескерсек, қаланың алғаш салынуын VII-X ғасырлар аралығында өмір сүрген Хазар қағанаты ескерткіштері уақытында салынған деп есептеуіміз қажет. Мұндай пікірді қазірдің өзінде С.Ажиғали, Б.Ермұханов және Т.Омарбеков сынды ғалымдар қолдайды. Бұл тұжырымдар тек заттай дерек түрінде ғана тұжырымдалмай жазбаша деректерде де сәйкестендіріліп, тұжырымдалады. Бұған мысал ретінде біз араб тарихшысы және географы Ибн Дастеннің еңбектерінде кездестіре аламыз. Оның еңбегінде Каспий теңізінің солтүстік аумағында мекен еткен хазарлардың екі басты қаласы болып есептелетін Сарашень және Хабнела қалалары туралы айтылған. Оның еңбегіне сүйенсек бұл қалаларда тұрған халықтар қалаларды тек қыстау ретінде пайдаланып, көктемде жайлауға қарай көшіп кетіп отырған. Сонымен қатар қала халқының көбі мұсылмандар болып, салыну құрылысы әртүрлі мешіттер салынған. Императорлық орыс география қоғамының

мүшесі В.В. Григорьев пікірі бойынша Ибн Дастеннің еңбегіндегі Сарашень қаласын Сарайшық қаласы деп есептейді [3]. Бұл тұжырымдаманы XVII ғасырдағы осман мемлекетінің тарихшысы Кятиб Челеби жазбаларындағы Жайық өзені бойында бұрын кумандар астанасы болған қаласы бар деген. Сонымен қатар ол өз еңбегінде қаланың қайта салынып кейін ол жерге ноғайлардың қоныс теуіп, ноғайлық хандардың мекен еткендігін жазады. Челебидің бұл еңбегін аударған Д.Девиз Сарайшық қаласын Дешті Қыпшақтардың исламға келгенге дейінгі мәдени орталығы болды деп есептеген болатын.

Сарайшық қаласының Дешті Қыпшақ жеріне моңғолдар келгенге дейін пайда болуы жөніндегі мәліметтер жоғарыда көрсетілген деректермен ғана шектеледі. Әрі қарай бұл қаланың қалыптасуы бәрімізге таныс Әбілғазының дерегі бойынша Батый ханның бұйрығымен салынды деп есептеледі. Сондай-ақ дереккөздерге сүйене отырып Сарайшық қаласының Батый хан інісі Беркенің хан болып сайланғаннан кейінгі мұсылмандыққа бет бұрған мекені болып табылады. Біз бұл тұста Әбілғазы Баһадүр еңбегіндегі Сарайшықтың қалануы жөніндегі деректерді негізсіз деп тани алмаймыз. Оның себебі осы тұста Жайық өзені бойынан өткен саяхатшылар Рубрук Вильгельм мен Марко Полоның еңбектерінде қала жөнінде бірде бір дереккөздің кездеспеуін мысал ретінде ала аламыз. Осы орайда бізде қалыптасатын ой бұл хазарлар кезінде қалыптасқан қала Батыйдың Жайық өзені бойына барған сәтінде қиранды болып жатуы мүмкін. Оның себебі қала жөніндегі алғашқы деректер XIV ғасырда Батыс пен Шығысты жалғастыратын керуен сауда жолының Сарайшық арқылы өтіп, көптеген саяхатшылар мен географтардың дерек қалдыруларын айта аламыз. Құнды дерек қалдырған саяхатшының бірі қаланы өз көзімен көріп, қаланы сипаттаған Ибн Баттута.

Ибн Баттута еңбегінде ол өзінің 1333 жылы қаңтар айында Хорезмге жолға шыққан сәтінде кездескен қалалар жөніндегі сипаттамасында «Сарадан шыққаннан кейін Сараджук қаласына келдік. Джук «кіші» деген мағынаны береді. Олар осылайынша бұл қаланың Кіші Сарай екенің білдіргісі келді. Қала суы үлкен әрі суы мол Ұлусу өзені бойында орналасқан. Ұлусу сөзінің мағынасы «ұлы су» дегенді білдіреді. Оның үстінен Бағдаттағыдай қайық көпір бар. Сонымен осы қалада біздің арба сүйреген аттардағы саяхатымыз аяқталды. Сондықтан олардың әлсіздігі мен арзандығынан бір жылқыны төрт динарға сатып, арба тарту үшін түйе жалдадық. Бұл қалада «әке» деген мағынаны білдіретін ата деп аталатын әділ ақсақал мен түріктердің завиясы бар. Ол бізді завияда қонақ етіп, батасын берді. Бізді де аты есімде жоқ осы қаланың кадисы қабылдады. Ол жерден біз отыз күн жүріп, баяу, күніне екі реттен көп емес тоқтадық - таңертең және күн батқанда...» деп жазып қалдырған болатын. Біз бұл жерде Ибн Баттутаның сипаттамасына қарай отырып оның Алтын Орда астанасы Сарайды «Ас-Сара» деп атағаның байқай аламыз. Сонымен қатар бұл жердегі автордың айтып отырған Ұлусу өзені Батыс Қазақстанда орналасқан Орал-Жайық өзені болып табылады. Сонымен біз Ибн Баттутаның сипаттамасына қарай отырып Сарайшық қаласының Орал-Жайық өзені бойында орналасқан Алтын Орданың хандарының кіші ордасы яғни жазғы ордасы болғандығын біле алдық. Ибн Баттутадан кейін Сарайшық жері арқылы Үргенішке қарай испандық монах миссионер Пасхалия саяхатқа аттанады. Ол бастапқы уақытта бір жылға жуық уақыт бойы Жошы Ұлысының астанасы Сарай қаласында тұрып, жергілікті халықтың тілін меңгерген делінеді. Пасхалия Сарай қаласынан шығып Еділ өзені мен Каспий теңізін жағалай өте отырып, 12 күн дегенде Сарайшық қаласына жеткен. Осы қаладан кейін жегілген арба көмегімен 50 күн дегенде Үргеніш қаласына жеткендігін жазады. Ол өзінің бұл саяхаты барысында Сарайшық туралы бар болғаны қысқа мәлімет қалдырған болатын. Сонымен қатар ең өкініштісі Сарайшық арқылы өтіп саяхат жасаған Ибн Баттутадан бөлек саяхатшылар барлығы қала жөнінде өте қысқаша ғана ақпарат қалдырған. Мысалға алар болсақ XVI ғасырда сауда керуен жолдары арқылы жүріп өткен Франческо Пеголотти деректерінде ол Сарайшық қаласының басқа қалаларға қарағанда алшақ орналасқандығын жазған болатын. Оның дерегі бойынша Сарай қаласынан Саракано (Сарайшық) қаласына бару үшін құрлық немесе теңіз жолы арқылы 8 күнде жетуге болады. Ал Сарайшықтан Органчи яғни Үргеніш қаласына жету үшін түйе жегілген арбамен 20 күн аса жететіндігін көрсетеді. Сонымен қатар оның айтуынша Үргеніш қаласынан Отырарға қарай жол жүрсе қалаға 35-40 күнде жетіп, Отырардан тікелей Сарайшыққа қарай аттанса 50 күн жол жүру қажет екендігін хабарлайды. Сарайшық пен Хорезм арасындағы арақашықтық жөнінде ағылшындық саяхатшы Дженкинсон өз жазбаларында жазып қалдырған. Оның есебі бойынша екі қала арасын 10 күн шамасында жүріп өтуге болады. Байқағанымыздай барлық саяхатшылардың жазба деректерінде Сарайшық жайлы толық мағлұмат берілмейді тек бұл қаланың басқа қалалармен арақашықтығын сипаттап жазып, Сарайшықтың Сарай қаласынан кейінгі кіші қала (астана) екендігі жөнінде ғана мәліметтер кездеседі [4].

Өзінің қалануы сәтінен бастап Сарайшық маңызды оқиғаларды көбінің эпицентрінде болған болатын. Соның бірі Батудың Сарай қаласын тұрғызғаннан кейінгі луй жылына сәйкес келетін 654 жылы яғни біздің жыл санауымыз бойынша 1255 жылы қайтыс болады. Батудың өлімінен кейін Мөңке қаған Қыпшақ жерінің ханы етіп Батудың ұлы Сартақты тағайындайды. Алайды Сартақ дәл таққа отырар сәтінде көз жұмады. Оның орнына хан болып оның інісі Ұлақыш хандыққа сайланады, алайда Ұлақышта көп ұзамай дүниеден өтеді. Кейін Мөңке қаған Қыпшақ ханы ретінде Жошы ханның ұлы Бату інісі Беркені хан етіп жариялайды. Берке хан билікке келген сәтінен үлкен той-думан жасап, мол сыйлықтар үйлестіріп берді. Ағалары мен інілеріне Бату белгілеп, бөліп берген үлестерін сол күйінде қалдырды. Кейін бір күні Жаратушы ие Берке ханның жүрегіне мұсылман дініне деген пиірділігін ұялатады. Сонда ол өзінің осы уақытқа дейін ұстаған дінінің шындыққа жанаспайтындығын түсінеді. Бұл былай болған болатын: бірде Берке хан ағасы негізін қалаған Сарайшық қаласына барды. Сол жерде Бұхарадан келген үлкен керуенді көреді. Осы керуеннен келген екі адамды оңашалау жерге шақырады. Берке хан бұл екі адамнан мұсылман дінінің ілімі мен ережелері туралы сұрайды.

Бұл екі адам оған мұсылман діні жөнінде егжей-тегжейлі барлық мәнін жақсылап түсіндіріп береді. Бақытты билеуші Берке хан шын жүректен мұсылмандықты қабылдайды. Осы жайттан кейін ол інісі Тұғай-Темірді шақырып, оған өз құпиясын айтады. Тұғай-Темірде ағасының жолын қуып ислам дінін қабылдады. Берке хан көп ұзамай ислам дінін халыққа жариялап, дінсіздерді анықтаған сәттен бастап қатаң түрде жазалап отырды [5]. Осылайша Сарайшық қаласы Жошы ұлысында ислам діні таралуының бастапқы және алғашқы орталықтарының бірі болды. Сарайшықтың мәдени жағынан қарқынды түрде дами түсуі 1263 жылы Берке ханның мұсылман дінін қабылдауы және 1310 жылы Өзбек ханның ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялауынан басталып, діни ғимараттар салынып, сәулет өнері көркейе түседі. Хандардың ислам дінін қабылдау рәсімдері Сарайшықта өткізіліп, қаланың Жошы ұлысындағы рухани жағында жоғары рөл ойнағандығын көруімізге болады. Сонымен қатар Сарайшықта Жәнібек және оның баласы Бердібек хандардың таққа сайлануы және таққа отыру рәсімдері өткізіледі. Сарайшық Сарай қаласының кіші үлгісі ретінде салынып, хандардың жазғы ордасы ретінде рөл атқарды. Бізге жеткен деректерге мән бере қарасақ хандар Сарайшықта бар болғаны 3-4 ай уақыт өткізіп кейін көшіп отырған. 1360-1370 жылдары Алтын Ордада таққа талас басталады. 1359 жылы Батый ханның тікелей ұрпағы болып табылатын Бердібек өлімінен кейін Орда Ежен ұрпақтары басқаратын Ақ Орда хандарының таққа деген ұмтылыстары басталып, Сарай қаласының әкімшілік бөлімдері таққа қуыршақ хандарды отырғыза бастауы істі одан әрі күрделендіре түсті. Осы тұста Сарайшық діни-идеологиялық орталық бола тұра Алтын Орда тағына деген ұмтылысы бар әр үміткер бірінші орында Сарайшыққа көз тіккен. Қала 1370 жылы Шайбани ұрпағы болып табылатын Айбек қолына өтіп, ол осы қалада өз теңгесін соқтырып шығара бастайды. XVII ғасыр тарихшысы Махмуд Ибн Валид дерегі бойынша Орыс хан өз иеліктерін нығайту мақсатында Сығанақтағы ордасында отырып, астананы және өзінің барлық иеліктерін Сарайшыққа ауыстырмақшы болды делінген.

1420 жылдардан кейін Сарайшық қаласы әмір Едігеннің баласы Нұраддиннің және немересі Оқас тұрған тұсында құрылған жеке мемлекет Ноғай ордасында мекен еткен маңғыттар орталығына айнала бастайды. Поляк географы М. Маковецкидің айтуынша Оқас тұрған балалары Сарайшық сарайлары маңайына қоныстанып, көбейе келе ірі ордаға айналған. Сарайшық Ноғай ордасының астанасы болған. Сарайшық сонымен қатар Ноғай ордасының мұсылман діни басшыларының орталығы болып, рухани жағынан әрі қарай гүлдене берген. Сарайшықта тұрған сейіттерге өз қыздарын әйелдікке беру ноғай бекзадалары үшін үлкен құрмет және мақтаныш болған. Сейітте бұл жерде Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтары деп саналып, қаладағы діни топтың негізін құраған. Қалада сейіттерден бөлек исламды дәрістеуші шейхер, суфилер, молалар, қажылар, хавистер мен дарвиштерде мекен еткен. Бұл дінбасылар қала өміріне тікелей қатынасып, дипломатиялық қатынастарда жүргізген. Дінбасылардың көбісі Сарайшықта жерленген.

Жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Біріншісі, ерте кезеңде қаланың орталық бөлігінде ғимараттар көбірек салынып, құрылысқа көбіне шикі кірпіш қолданған. Ал орталық ғимараттар жан-жағы киіз үйлердегі халықтар мекен еткен. Екіншісі, 1330 жылдары қаланың орталық бөлігі жүйелі түрде кірпіштерден нақты қаланып, қала аумағы Жайыққа дейінгі аумақтарға жетіп, кеңейген. Қаланың гүлденген уақыты XIV ғасыр болды. Ал одан кейінгі екі ғасыр қала қалыптасуының үшінші кезеңі болып, Жайықтың жыл сайынғы арнасынан тасып қаланың жарты бөлігін шайып кетіп отыруына байланысты аумағы қысқартылғандығымен сипатталады.

Сарайшық өзгеде қалалар секілді ұлан байтақ жерді билеген Жошы Ұлысының алғашқы 10 жылдығында салынған. Алғашқы уақытта қаланың құрылысы нөкер, ноян және де басқада билеуші шонжарларға арналып сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде салынып, бой көтерген. Кейінірек осындай ғимараттардан кейін олардың айналасына қолөнершілер, саудагерлер және қара халықтың тұрғын үйлері салына бастады. Сарайшықтың орналасуы ұтымды болған еді. Оның себебі қала Еуропа мен Азияның түсіісер жолында орнығып, Еуропалық керуендердің Алтын Орда астаналары арқылы Хорезм шахарларына, Иранға, Үндістаннан Қытайға қарай баратын құрлықүстіндегі сауда керуен жолдарын қауіпсіздікпен қамтамасыз етіп отырды. Осы тұста осы жолдарды жүріп өткен саудагерлер және саяхатшылардың жазып қалдырған жазба деректері және хикаялары бізге дейін жетіп отыр. Деректерге сүйенсек Сарай қаласынан Сарайшыққа дейін және Сарайшықтан Үргенішке дейінгі жолда құдықтар мен керуен сарайлары орналасқан. XIII-XIV ғасырлар аралығында бұл бағыттағы жол Шығыс пен Батыс елдерін байланыстыратын негізгі сауда жолы болды. Осы ғасырлар бойындағы сауда жолдарындағы керуендердің қауіпсіздігі жөніндегі мағлұматты біз Франческо Пеголоттидің қалдырып кеткен мәліметтерінен біле аламыз. Оның деректеріне сүйенер болсақ «Таныдан Қытайға баратын жолда саяхат жасаған саяхатшылар мен саудагерлер айтуынша бұл жол күндізгі уақытта және түнгі уақытта да аса қауыпсіз көрінеді. Алайда саудагер керуен жолы бойында қайтып не болмаса бара жатқан сәтінде көз жұмса көпестің барлық мал-мүлкі қайтыс болған жеріндегі елдің патшасына табысталып отырған. Алайда егерде көпестің қасында оның туысқаны болып, қайтыс болған адамның туысымен деп айтқан жағдайда толық түрде аман- есен қайтыс болған адамның туысына табысталды [6, 357 б]. Осылайынша Сарайшық қаласында өте әсем ерекше сарайлар, керуен-сарайлар, қоғамдық моншалар, мешіттер мен медреселер және басқада ғимараттар тұрғызылған. Қаланың өзіне тән етіп салынған ұзын әрі кең көшелері болған. Қала керуен жолының әкелетін табысы, әскери олжа және халықтан алынатын алым-салық көмегімен тез байып, қала өсті. Қаланың аумағы жағынан тез әрі қарқынды өсуі қаланы қоршап тұратын қамалдардың болмауымен сипатталады. Қала қорғанысына үнемі тақ таласында жеңімпаз болған хандар кепіл болып отырды. 1459 жылы жасалған венециялық монах Фра Маураның картасында Сарайшық қамалдар мен мұнаралары бар, Жайықтың

сол жақ жағалауына қарай шығатын қақпасы белгіленген керуен жолында ірі қала ретінде көрсетілген. Фра Маура өзінің картасын жасау сәтінде өзіне дейінгі каталарды қолдана отырып, саяхатшылар еңбектерінде пайдаланған. Бұл еңбектерде Сарайшық Каспий жағалауында топтасқан қалалардың ірілерінің бірі болған.

Сарайшықты қазу барысында қаланың бір бөлігінде көптеген күйдірілген қыш ыдыстар сынықтары табылды. Осыған қарағанда біз бұл тұста қыш ыдыс жасайтын шеберхана болғандығына көзімізді жеткіземіз. Сарайшық қаласында жасалынған ыдыстар үш түрлі сазбалшықтан жасалынған. Бірінші топтағы ыдыстар қызыл балшықтан жасалынып әртүрлі формаларға ие болған. Екінші түрдегі ыдыстар кашин балшығынан жасалынып, көбіне пиала, құмыра, вазалар әзірленген. Кашин балшығынан жасалған ыдыстар көбіне өсімдік немесе зооморфтық бейнеде әсемделген. Ыдыстың үшінші түрі ерекше сұр балшықтан жасалынған. Бұл ыдыстар көбіне балық, жұлдыз, өсімдіктермен әсемделген. Сондай-ақ қалада әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберлер болған алайда қазба жұмыстары кезінде ешқандай ұста шеберханалары әзірге табылмады. Алайда олардың белгілерін көруімізге болады. Ұсталар көбіне ат әбзелдері, пышақ пен қылыш, жебе ұштары және т.б бұйымдарда кездеседі. Осылайша қазба жұмыстары арқасында қаланың қолөнер саласының кең ауқымда дамығандығына куә бола аламыз.

Сарайшық қаласының ерекшелігі бұл ислам дінін дәріптейтін діндарлар ғана жерленбей Алтын Орда хандарының да жерленуінде болып табылады. Әбілғазы Бахадүрханның жазып қалдырған еңбектеріндегі деректерге сүйенсек Сарайшықта Алтын Орданың хандары, ел арасында мәртебелі болған адамдар және шонжарлар жерленген. Қаладағы хан пантеонына алғаш жерленген 1266-1280 жылдары билік еткен Мөңке Темір хан болып есептеледі. Бұл жерге келесі жерленген хан 1280-1312 жылдары аралығында билік еткен Тоқта. Бұл ханды кезінде Марко Поло «Батыс елінің патшасы» деп атаған. Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ең көне тиындар осы Тоқта хан есімімен және билік жүргізген кезеңіне байланысты. Тоқта хан билігі тұсында Алтын Ордада орын алған дүрбелендер тынышталып, Бату ұлысының билеушісіне айналған бүлікшіл әскербасы Ноғай 1300 жылы өлтірілді. Сонымен қатар оның билігі уақытында Алтын Орда әскери және экономикалық тұста қатты дамып, түлденуі кезеңіне жетті [7, 263 б]. Қалада жерленген келесі хандар – Жәнібек және Бердібек хандар. Жәнібек өзінің билігі басында Орта Азиядан астана болып табылатын Сарайшыққа келіп өзінің ағасы Таңыбекті өлтіреді. Өзінің билігі тұсында ол Әзірбайжан жерлерін Алтын Ордаға қосып алады. Жәнібек хан билігі тұсында елде құлдырау белгілері байқала түседі. Жәнібек ханның өлімі 1357 жылы өзінің ұлы тарапынан болған қаскүнемдер кесірінен орын алады. Әкесінің өлімінен кейін өзінің 12 бауырының көзін жойған Бердібек таққа ұмтылады. Мемлекетте өзара таққа талас пен қырқысушылықтар салдарынан бөлінушіліктер орын ала бастайды. Алайда көп ұзамай ақ Бердібекте өзі қастандық жасағандай өзінің бауыры Құлнаның қастандығы салдарынан көз жұмады. Оның зираты әкесі жерленген моланың қасында орын тауып, орналасады. Әмір Едіге жөніндегі бір дастанда 1406 жылы Түмен басындағы қалада қаза тапқан Тоқтамыс ханның басыда осы Сарайшық қаласында жерленді деседі. Сонымен қатар бұл қалада ноғайлықтардың бекзадалары мен шонжар-мырзалары (Олар-Оқас, Ших-Мамай және т.б) және Қазақ хандығының ұлы хандарының бірі Қасым хан жерленген. Бұл деректі XVII ғасыр басындағы қоғам қайраткері Қадырғали Жалайырдидің «Жами ат-Тауарих» еңбегіде растайды. Сарайшықтың XV ғасыр ортасы мен XVI ғасыр бастапқы уақыты Қазақ хандығымен тікелей және тығыз байланысты. Ноғай ордасының тарихын зерттеген зерттеуші В.Трепавловтың пікірі бойынша Керей хан тұсында інісіндей болып кеткен Жәнібек ханға Қазақ хандығына қосылған жерлердің батыс қанатының жерлеріне қолына үлес болып тиеді. Бұл кезеңде Сарайшық қаласы маңғыттар көштері орналасқан Батыстың орталығы болып есептелінген болатын. Сонымен қатар Сарайшық Жәнібектің резиденцияларының бірі болған. Алайда Керей ханның өлімімен Жәнібек хан атанып, шығысқа қарай қайта көшеді. XVI ғасырдың бастапқы жылдарында Сарайшықта Бұрындық хан билік құрды. Ал халық арасында билігі басым болған Қасым болса Бұрындық ханнан алшақ жүру мақсатында Моғолстанға шекаралас Қаратал деген жерді қыстау етіп паналайды. Осы оқиғадан кейін 1511 жылы Бұрындық хан Самарқандқа қызының қолына көшіп, сол жерде көз жұмады. Осы тұста Қасым хан Қазақ хандығының ханы атанып, барлық жерлер соның ішінде Сарайшықта Қасым ханның қол астына қарайды. Қасым хан Қазақ хандығының саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қосады. Мұхаммед Хайдар дерегі бойынша Қасым хан 1518 жылы, ал енді бір екінші дерек бойынша 1523-1524 жылдары қайтыс болған делінеді. Қадыралы бек қалдырған деректерде Қасым хан Сарайшықта жерленген деседі. Қасым ханның Сарайшықта жерленгендігі туралы деректі археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі заттай деректерде растайды. 1861 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарын басқарушы Орал әскери сызба бөлімінің меңгерушісі штаб-капитаны А.Е. Алексеев қала қирандыларын зерттеу барысында цитадель қирандысынан хан моласын тауып, ішкі бөлігін киіз үйге ұқсатады. Және бұл молада екі ірі, төрт кіші қабір үйінділері табылғандығын атап көрсетеді. Дәл қазіргі уақытта ең өкініштісі бұл «хан моласының» қай жерде орналасқандығы белгісіз болып табылады. Хан моласын соңғы рет көрген қайраткер Шоқан Қаржауов сөзіне сүйенсек 1937 жылы қайтыс болған әкесі өзінің өсиетінде өзін Қасым хан қасында жерлеуін сұрайды. Әке өсиетін орындауға талпынған қайраткер өкесінің мәйітін Сарайшыққа әкеліп, халықтардың бәрінен мола жөнінде сұрап жүріп жасы 90-ға келіп қалған ноғайлық шалға жолыққан. Оның айтуы бойынша Қасым хан моласы сатымен төмен қарай түсетін мешітке орналасқан екен. Мешіт қабырғасының бір бөлігі шымылдықпен жабық тұрып, одан әрі өте хан моласына тап болып сол жерге әке өсиетін орында отырып жерлеген көрінеді [8]. Осылайша Қасым ханның Сарайшық жерінде жерленгендігі туралы мәлімет халық аузында таралып, атадан балаға берілуі арқасында сақталып қалған.

Алтын Орда мемлекеті жойылып оның орнына пайда болған Қазан мен Астрахань хандықтарын Ресей патшалығы XVI ғасырда жаулап алып, 1580 жылы казактар Сарайшықты тонап, қиратып тастаған. Казактардың тонаушылық әрекеттері өте қатты шектен шыққандығы соншалықты олар өлген адамдар қабірлерін ашып, олардың өзімен бірге көмілген жәдігерлеріне дейін тонап кеткен. Осылайша Сарайшық қала ретінде өмір сүруін тоқтатып, қирандыға айналады және тарих сахынасында қазіргі таңда ортағасырлық қала ескерткіші ретінде танымал.

Сарайшықтың алғашқы кірпіші қаланған сәтінен бастап Жошы ұрпақтарының арасындағы таққа талас, әскери көтерілістер мен саяси интригалар және сауда-мәдени байланыстардың қарқынды өсуі, империя құлауы, жаңа этностар қалыптасып отырған халықаралық оқиғалардың эпицентрі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествие по Средней Азии. - М.: Наука, 1988. 131 с.
2. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г.//Советская археология. - М., 1953.Т.18,С.304
3. Григорьев В.В. О путешествии Гарбера в Хиву в 1732 г.//Известия Императорского Русского Географического общества. 1870. - Т.6. - С.47.
4. Становление и расцвет Золотой Орды. Источники по истории Улуса Джучи (1266-1359 гг.) – Казань, 2011. - С.186
5. Абулгачи- Баядур-Хан Родословная история о татарах.
6. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды и ее падение//На стыке континентов и цивилизаций... - М.,1996.
7. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. - М. – Л, 1950.
8. Тоқтабаев А. Сарайшықтың аққу көлі//Егемен Қазақстан. 21.03.1998.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Көптілеу Н., Кәрімхан А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к, қауымдастырылған профессор Ж.А. Карсыбаева

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

arunakarimkhan@mail.ru

Қарағанды қ.

Бауыржан Момышұлы-аты аңызға айналған, белгілі жазушы, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, нағыз халық батыры.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау ауылында малшының отбасында дүниеге келген.

Жазушы өзінің кішкентай Отаны, туыстары, өмірі туралы кітаптарында айтады. Бауыржанның «Наша семья» повесі Кеңес өкіметінің орнауының алғашқы жылдарын қамтиды. Халық өміріндегі көптеген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер әлі күнге дейін өзгеріссіз қалды.

Бауыржан Момышұлының туған жері, болашақ қаһарманның өсіп, қалыптасқан жері туралы кітабынан үзінділер. Оның казак жері – кіші Отаны туралы естеліктері поэзиямен ерекшеленеді.

Даңқты Панфилов дивизиясының офицері Бауыржан Момышұлының ерліктері туралы көп жазылды. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ерлігіне арналған жарқын естелік – көркем туындылардың авторы ретіндегі жазушының азаматтық ерлігіне аз көңіл бөлінеді.

Бауыржан Момышұлы республика жұртшылығына аты аңызға айналған Панфилов дивизиясының атақты офицері ретінде танымал. Оның есімі біздің елде ғана емес, сонымен қатар оның шекарасынан тыс жерлерде де танымал болды, Александр Бектің талантты романы «Волоколамское шоссе», ол жазушының қарамағына оның жұмысының басты кейіпкері ұсынған нақты материалға негізделген.

Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары полковник Момышұлының майдан дәптерінен жеке хат-хабарлар мен үзінділер басылып шықты.

Соңғы жылдары Момышұлының жазушылық дарыны айқынырақ бола бастады. Рас, Бауыржан мемуарлық әдебиетті (орыс және казак тілдерінде) жазған, бірақ бұл оқиғалардың құрғақ баяндалуы емес, өмір фактілерінен алынған өрескел материал емес, тарихи құндылыққа үміткер көркем психологиялық шығарма.

Бауыржан Момышұлы орыс тілін сауатты баяндау үшін ғана емес, өз шығармаларын орыс көркем сөзінің бейнесімен қанықтыру үшін де еркін меңгерген және негізінен соғыс тақырыптарына жазады.

«Сол күндер қатал болды, сол күндердің жауынгерлері есімде», - деп жазады Бауыржан Мәскеудің тарихи қорғанысы туралы. - Өмір үшін емес, Қазан төңкерісінің жеңісі мен құрметіне өлім үшін күрес болды. Біз өз еңбегімізбен жылдар бойы жасаған нәрсені сақтаймыз ба? [1;121].